



**А.Қ. ТҰРЫШЕВ**

**А**рғын-Құтан-Мейрам-Сүйіндік-Суғыншы-Шуманақ-Құлболды-Айдабол-Жанғозы-Төлебай-Едіге-Шоң Мәшһүр Жүсіп шығармаларында Шөженің Шоң туралы айтқаны:

О, Шоң биім, Шоң биім,  
Тұғырға қонған сұңқарсың.  
Суытып мінген тұлпарсың!  
Судан шыққан сүйіріксің,  
Топтан озған жүйіріксің.  
Бибатпадай бақтысың,  
Сүлеймендей тақтысың.  
Дін-мұсылман қазаққа,  
Жұрттан озған даңқың бар,  
Бәйтеректей бүрлі өткен,  
Пайғамбардай нұрлы өткен.  
Мінекей, Шоң биге берілген баға

осындай.

**Едіге балаларының бірі - Шоң.**

Мәшһүр Жүсіп «Едігенің көрген түсі» деген жазбасында, Едіге бидің балалары қатынының бойына бітерде көрген түсі: 1.«Шоң биде қара бүркіт ұстадым. Жемсауы үлкен, әр түрлі аңның бәріне салып едім, жемін екі қанатымен бүркеп отырып жеді. Парақор болады!»-деген екен; 2.«Қиғара туарда қырғауылдың қоразын ұстадым, мал баққаннан басқаға жарамас»-деген екен; 3.«Шорманда (Сарманда) тот басқан темір қылыш та-

*Жұырда Баянауда Шоң мен Шорман ескерткіші ашылғанда Е.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Мәшһүртің ғылыми-практикалық орталығы, филология ғылымдарының докторы, ЖОО-ның профессоры, ҚРБЖҒМ ғылым мен техниканы дамытуда айрықша рөле оған үшін мемлекеттік ғылыми етіпендіяреының 2011-2012 жылдар етіпендіаты А.Қ.Тұрышев қатысып, еойлеген еді. Профессор өзінің қолжазбаеын «Баянтау» газетінің редакциясына арнайы келіп тапсырды. Біз қуана қабылдап, қалым пайымын газет оқырмандарына реынып отырмыз.*

## ШОҢ МЕН ШОРМАН



1836) – би, Баянауыл сыртқы округінің 1833-1836 жылдарында аға сұлтаны

Едігенің Шоңы келді. Бұрынғылардың соңы келді.

жасымда Ташкент барғанда, атармын (солай жазылған-А.Қ.) (аңармыз) құлақтан құлақта қалған сөз еді. Алпыс үш жасымда нұсқа болып қағаз үстіне жазылды. Жасымда жүрмесем, тұрмасам, маған бұл қайда? 1921-інші жылында, 25-желтоқсанда - жаңаша»-депті Мәшһүр Жүсіп.

**Тіл мен көз.**

Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз ойға түсіп кетеді. Шоң би, Торайғыр би және қасында Тайкелтір бидің тоқалынан туған баласы Өтеп сақау бар және Торайғырдың атшысы Ыстықмұрт Ерсары бар Қаракесекке бітімге бара жатып, Қаракесектің бір аулына жақындап қалғанда бір кісінің басындай доп-домалақ ақ тасты көріп, айнала тұра қалып, тамаша қылып, көреді де, кете барады. Ауылға барып қоныпты. Байдың екі ала бас ботасын, екі аққара бас марқасын көріп, тамаша қылып, таңданыпты. Бұлар аттанғанша, екі бота да, екі марқа да пышаққа ілініпті. Сонан соң бұлар әңгіме қылыпты:

-Мына екі бота мен екі марқаға біздің көзіміз тиді. Кешегі біз таңданған тас қайтті екен?-десіп, әлгі ауылдан аттанып, әлейі барып тасты көрсе, ортасынан как

уып алдым. Оның тотын кетіріп, іске жаратамын дегенше, кім бар, кім жоқ?!»-деген екен; 4.«Торайғырда сұңқар ұстадым: айдын шалқар көлдің бір шетінен кірді, бір шетінен шықты. Алған құсын бір шоқымады, табанымен басып, кежиді де отырды. Адамының сұңқары болар!»-деген екен; 5.«Қосдәулетте ұстағаным қаршыға еді, артынан кешікпей жапалақ болып кетті»-деген екен.

Едігенің бес ұлы: Шоң, Қиғара, Шорман (Сарман), Торайғыр, Қосдәулет болған екен. Жазбада Торайғыр би, Шоң би, Ізден абыз – үшеуі құрдас екен, сол уақытта екеуі (Шоң мен Торайғыр) қырық тоғызда екен деп те айтылады. Бұл – Мәшһүр Жүсіптің қателігі емес, бұдан біз ел аузынан бірнеше нұсқасын жинағанын, қалай естіді бір сөзін өзгертпей жазатын әдеті сақталғанын байқаймыз.

Енді бір нұсқасында Едігенің бәйбішесі Борсық, кіші жүздің қызы, жүремете алты қыз тапқан екен. Едіге қатынына "дәреттенші" депті. Ол сөздің мәнісі қатынын суға шомылдырып алып, сонан соң бейсенбіден жұмаға қараған түні құсша шағылысып, қатынас жасайтын болған. Қатыны жақтырмай:

- Қойшы арман! А...ын ырбыйтып, қыз итті таба бергеннен не түседі?-депті.

- Ит, былшылдама! Тұр деген соң, бол деген соң, бол, жылдам, дәреттен! Жап-жаңа бір бүркіт ұстадым. Балақ жүні тұғырды жауып кетті, жемсауы мейлінше зор. Салмаған да аңым болмады, алмаған да аңым болмады. Екі қанатын бүркеп алып, алған аңын бір айыртпады. Өзі би болар, өзі парақор болар. Заманындағы адамның толық дөкей ірісі болар. Үбірлі-шүбірлі болып, арты өсіп-өнер!-деп, қатынына жатқан екен де, қатыны ұл тауып: «Бұл шоң болар!»-деп, атын «Шоң» қойған екен. «Шоң» қырғыз тілі болса керек,- деп жазады Мәшһүр Жүсіп. Жалпы, қазақ даналарының туысы да ертедегі батырлардың туысына ұқсайды.

**Шоң би.**

Шоң би Едігеұлы (1754, 1771, 1764-

болған. Шоңның туған жылы жөнінде нақты дерек әлі жоқ. А. Янушкевич: «Шоң сұлтан болғанымен, ірі адам болыпты. Ол орыстар осы жерге келер алдында өмір сүрген. Ақылы, әділдігі және күш-қуатымен ол өз айналасындағы адамдар арасында үлкен беделге ие болған. Оның айтқаны анау-мынау ханнан артық жүрген. Қылмыскерлерді өзі жазалаған, оларды кейде асау атпен сүйретіп, аяусыз өлтірген. Ол жөнінде аңыз да бар. "Біреу қызына зомбылық көрсетті" деп, бір қазақ шағым айтып келіпті. Шоң кінә тағылған адам мен бойжеткенді шақыртып алыпты. Біріншісіне пышақ, екіншісіне оның қынын беріп, бойжеткен қынды шыркөбелек айналдырып тұрған кезде пышақты қынға салуға жігітке өмір етіпті. Бұны істеуге жұмбақтап әйеліне айтқан сөздері - «Бір біткен билікті бұзып, өзің келдің, енді өзің айт шешімін», «Қазанға ас сал, аз болса көбейт, көп болса азайт» дегені, бұрынғы кесімді кеміт дегені. Ал ат үстінде тұрып қолымен ымдағаны - менің тұрмысымды көкте құдай білсін, жерде екеуіміз-ақ білейік, кедейлігімді ешкімге айтпа дегені,-депті.

**Әкем тірі, ағам ірі болды...**

Шоңға сәлем берем деп Байдалының бір жас баласы келіпті.

- Қай баласың? – дейді Шоң.

- Байдалының баласымын,-дейді бала.

- Байдалының мен көрмеген қай баласысың?

- Жалға түсіп сыналмаған баласымын.

Әкем тірі болды, ағам ірі болды,

Сондықтан билік құра алмаған баласымын,-дейді.

Сонда Шоң балаға тура қарап: «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады» деген осы екен-ау - депті.

**Шоң мен Ақтайлақ билердің емеурін-ыммен сөйлесулері.**

Уақ елінің мықтылары Сүйіндіктен барымтамен жүз жылқы алдырыпты. Осы себепті екі елдің арасында дау туып, ақыры сөйлесе келгенде екі жақтың басты адамдары келісімге келеді. Бірақ, бұл келісім жасалғанда Шоң би жоқ екен. Екі жақтың шешіміне келіспей Шоңның өзі барады. Ақтайлақ деген атақты биінің үйіне түседі. Ақтайлақ кедейленген кезі екен, амандықтан кейін: «Көрші ауылға барып келейін» - деп, кетерде әйеліне:

Қазаныңа ас сал,

Аз болса көбейт,

Көп болса азайт, - дейді.

Көрші ауылдағы саудагерлердің жаңа киіз үйін ас-ауқатымен бала келіп Шоңды екі күн құрметтеп күтеді. Бұл уақытта екі жақтың арасында ешбір сөз болмайды.

Үшінші күні Шоң қайтатын болады. Ақтайлақ құрметтеп, шығарып салады. Біраз жерге дейін еріп барып Ақтайлақ тоқтап:

- Шоң, Шоң! – деп дауыстайды.

Шоң жалт қарайды. Ақтайлақ қолын көпке бір сілтейді, көкке бір сілтейді де ерінің қасын ұрады. Екі би түсінісіп, дау осы ишаратпен бітеді. Жанындағылар емеурінді түсінбей сұрағанда, Шоң былай деп шешіп берген екен: Ақтайлақ бидің жұмбақтап әйеліне айтқан сөздері - «Бір біткен билікті бұзып, өзің келдің, енді өзің айт шешімін», «Қазанға ас сал, аз болса көбейт, көп болса азайт» дегені, бұрынғы кесімді кеміт дегені. Ал ат үстінде тұрып қолымен ымдағаны - менің тұрмысымды көкте құдай білсін, жерде екеуіміз-ақ білейік, кедейлігімді ешкімге айтпа дегені,-депті.

**Мұса Шорманұлы мен Шоң.**

Мұса мырза жас кезінде қарт Шоңнан:

- Ақ сауыт деп нені айтамыз?

Арғымақ деп нені айтамыз?

Жақсы деп кімді айтамыз?

Ер жігіт деп кімді айтамыз? - деп

сұрапты. Сонда қарт Шоң:

Ақ сауыт деп айтамыз - айтқанда

оғың өтпесе,

Арғымақ деп айтамыз – желгенде

жылқы жетпесе,

Жақсы деп соны айтамыз – тозған

елді ептесе,

Ер жігіт деп айтамыз – жауға тастап

кетпесе, - деп жауап беріпті.

**Шоң нақылдары.**

Құдай рахмет қылсын, Шоң би айтады екен: «Берген аста береке бар», «Береке» деген періштенің аты. Берген үйдің асына періштесі береке береді. «Бермеген аста біте бар», «Біте» деген шайтанның аты. «Бермеген үйдің асын Біте деген шайтан сорып құртады»- дейді. Отыз жеті

жарылып жатыр екен дейді.

**Сарман (Шорман шын аты, Едігенің ұлы, Шоңның інісі) мен Шоң.**

Шоң би бір шаруа жөнінен ақылы алты тарап болып отырғанда, бір-екі даугерді Сарманға айдап жіберген екен. Сонда Сарман екеуінің сөзін сұрап естіп алып:

- Сен де жана бер, сен де жана бер!-депті. Екеуі қайта Шоңға келіпті.

- Қайтқандар, біттіңдер ме?-депті.

- Екеуімізге де жанға салды,-депті.

Сарманды шақырып алып:

- Мұның рас па?-деген екен.

- Маған салсаң, осы сөзден басқа айтарым жоқ!-депті.

**Шоң бидің бір әйелден жеңілуі.**

Кіші жүз Атантай хан 60 жасқа келгенше баласы болмай, бала үшін елден қаңғып, бір сұлу қыз алыпты. Атантай 5 жыл тұрғаннан кейін қаза болып, алған әйелі 25 жасында ерге тимей отырып қалғанын Орта жүздегі Шоң, Шорман билер естіп, Шоң бидің әйелді алуға көңілі кетіп, Шорманға:

- Сол әйелді маған алып беруге жәрдем көрсететін болсаң, сенің қалауыңды беремін!-деп, Шорманды ертіп, Атантайдың үйіне барады. Барып отырса, Атантайдың өлгеніне 2-3 жыл болса да, үй айналасы тозбаған. Ері жолаушы кеткен әйелше ұстап отырғанын ұнатып, Шоң би жақсы кеңестер айтып отырады. Кезек Шорман сөйлеуіне келгенде, Шорман: "Ері өлген әйелдердің ұяты шығып, буаз болып, болмаса өсегі білініп, қалғандарды ерсіз отырмақ жағына бейім сөздер сөйлейді".

Сонда әйел айтады:

- Ұлы өзеннің бойынша

Үлгілі билер қонады.

Үлгілі билердің кеңесі

Рулы елге болады.

Шекет қара суларға

Шөңкиген билер қонады.

Шөңкиген билердің кеңесі,

Шөметейінде болады

Шоң, Шорман ұялып аттанып кетіпті.

*(Жалғасы келесі санда)*